

«6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Фейзулдаева Салтанат Арасатовнаның «Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Педагогикалық білімнің беталыстары ғасырдағы өркениет пен азаматтық қоғам алдында тұрған міндеттермен тікелей байланысты. Олар: тұлғаны жан-жақты дамыту, оның өзін-өзі жетілдіруі, кәсібилікке бағыттау және кәсіби ұтқырлықты дамыту т.б. екендігін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлаудың өзектілігі анық байқалады.

Еліміздегі білім, ғылымдағы сабақтастықты қамтамасыз ету үшін формальды және формальды емес білім беруді оқытудың нәтижелерін танудың интеграцияланған жүйесінде, бақытты өмір сүруге қажетті дұрыс және тұрақты әдеттер сезімдерін, ізденушілік мәдениетін меңгеруде пайымын айқындайтын және көшбасшылығын қамтамасыз ететін студенттердің «моральдық компасында» кәсіби даярлау бірінші дәрежелі басымдықтар ретінде қарастырылады.

Бүгінгі күні жоғары мектеп педагогикасының көкейкесті мәселелері – әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, кәсіби даярлаудың сапасын жақсарту, интеграцияланған біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді дамытудағы үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру. Осы орайда, қазақстандық білім кеңістігінде әлі де кезең-кезеңмен қалыптасып жатқан заманауи білімді реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдармен үндес келіп, іске асырылып жатыр.

«Интеллектуалды ұлт - 2020», ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және т.б. регламенттік құжаттарда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы интегративтік сапалардың меңгертілуін міндеттейді.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4-тарауының 13-бабында білім беру мазмұнының ұғымы келесідей: ЖОО-дағы білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру; білім мен ғылымның іс жүзінде интеграциялануын қамтамасыз ету; білім технологиясындағы пәнаралық байланыстарды (интеграция) іске асыру секілді міндеттермен көрсетілген.

Бұл орайда, болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың мазмұнына қойылатын талаптарды қайта карау қажеттігі туындап, білім беруді реформалау жағдайында, яғни жаңартылған білім беру мазмұнына көшудегі әдіснамалық негіздеулер, Зандарда өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, жоғары білім беру жүйесінің қызметін жеделдетіп, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауды қарқынды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттарына сай беріліп отырған міндеттер мен негізгі бағыттар «ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау» атты зерттеу тақырыбының өзектілігі мен өміршендігін тереңдете түседі.

Сондықтан қазіргі кезде кәсібилік пен құзыреттілік, креативтілік пен шығармашылық, көшбасшылық, жаһандық сыни қатерге ие болатын деңгейде жұмыс жасауға дайын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың қажеттігі туындап, С.А.Фейзулдаеваның диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және білім және ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

PhD докторант С.А.Фейзулдаева жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауды зерттеу барысында мазмұндалған тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуінде ғылыми-теориялық, әдіснамалық және әдістемелер мен эксперименттік нәтижелерге қол жеткізген. Бұл нәтижелер диссертацияға қойылған талап деңгейлерін толық қанағаттандырады. Ғылыми нәтижелер ретінде төмендегілерді атауға болады:

2.1 Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің философиялық, психологиялық, педагогикалық теорияларға сүйене отырып,, сондай ақ, білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялық даму бағдарламаларымен байланыста, диалектикалық ойлау арқылы жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда жүйелілік, интегративтік, кешендік, тұтастық, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырлары басшылыққа алынған.

2.2 Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы докторант білімнің бірізділік пен жүйелілік логикасын сақтай отырып, зерттеу жұмысындағы негізгі категориялар болатын «сабақтастық», «пәнаралық сабақтастық», «кәсіби даярлаудың» ұғымдық-категориялық аппараты тиісті сипаттамаларын берумен құрылымын ұсынады, оларға мазмұндық сипаттама береді және негізгі нәтижеге орай, «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау – жаңартылған білім беру жағдайында студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын

менгерту» болып нақтыланады. Ұғымның мәнін талдауда философиялық, психологиялық және педагогикалық астарлары зерделеніп, құрылымдық мәні жағынан сараланып, ұғымның мәні нақтылануы арқылы дәлелденген.

2.3 Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ұсынылған зерттеу нәтижесі ретіндегі жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мазмұны құрылымдық-мазмұндық моделдеудің негізінде түсініліп, танылады. Динамикалық педагогикалық жүйе ретінде компоненттері (мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық), оған сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

2.4 Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға бағытталған әдістемелік кешені: «ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың педагогикалық негіздері» атты (12 сағаттық) оқыту семинары; «Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері» атты тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы әзірленіп, тәжірибеде сынақтан өткізілген.

2.5 Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау әдістемесінің тиімділігі талапқа сай ұйымдастырылуы мен жүргізілуі, таңдап алынған эксперимент әдістерінің шынайылығы мен сәйкестілігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың жүйелі жүргізілуі зерттеу нәтижесінің бірізділігін көрсетеді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеудің ғылыми нәтижелері және жасалған тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.

3.1 Бірінші нәтижеге жету үшін Phd докторант зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сай жинақталған мәліметтер сарапталып, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалғандықтан **жаңа** болып табылады.

3.2 Философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсінігінің нақтылануы - екінші нәтиженің **жаңалығына** дәлел болады.

3.3 Phd докторанттың зерттеу барысында теориялық тұрғыда жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің **жаңалығын** көрсетеді.

3.4 Диссертанттың жұмысында жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ғылыми негізделген әдістемесі («ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың педагогикалық негіздері» атты оқыту семинары; «Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері» атты элективті курс бағдарламасы) жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін **жаңалық** деп санаймыз.

4.Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу материалдары тұтастылығымен, логикалық бірізділігімен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны өзара байланыста және сабақтастықта құрылғандығы зерттеудің біртұтастығын негіздейді. Алынған нәтижелер қойылған болжамдарды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.

5.Ізденуші алған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер педагогика және бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталықтары мен педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттары тәжірибелерінде пайдалануға көмегін тигізеді.

6.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері және тұжырымдары мен қорытындылары мазмұндалған ғылыми мақалалары шетелдік импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда(1) және ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда(5), халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында (4) және алыс-жақын шетелдік конференция материалдары (3) мен ғылыми журналдарында (1) жарық көрді. Зерттеу тақырыбы бойынша диссертанттың жалпы саны 14 ғылыми еңбегі жарияланған. Барлық еңбектерінің негізгі мазмұны диссертацияда ұсынылып отырған тұжырымдар мен қорытындыларға толықтай сәйкес келеді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

1. Диссертация мазмұнындағы 2.2. параграфында түлек атрибуттарын қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын пәнаралық сабақтастықта талдауы қуантарлық жағдай. Дегенмен, аталмыш мамандық бойынша бірнеше ЖОО-ның білім беру бағдарламалары салыстырмалы деңгейде талданғанда, жұмыстың құндылығы одан да жоғарылайтын еді.

2. Екінші тараудағы қалыптастыру эксперименті кезіндегі дайындалған «ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың педагогикалық негіздері» атты оқыту семинарының жоспары өте ауқымды тақырыптарды қамтыған, алайда әрбір тақырыптың мазмұнын ашып көрсеткенде диссертациялық жұмыстың мазмұны тереңдей түсер еді.

3. Диссертация мәтінінде кейбір орфографиялық қателіктер, рәсімделуінде техникалық олқылықтар кездеседі.

Бұл аталған кемшіліктер мен ескертулер зерттеу жұмысының ғылыми құндылығына әсерін тигізбейді. Ұсыныс ретінде қабылданады деп білеміз.

8. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Фейзулдаева Салтанат Арасатовнаның «Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ҚР БҒМ және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толығымен қанағаттандырады. Ізденуші Фейзулдаева Салтанат Арасатовнаға 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ресми рецензент,

**«ӨРЛЕУ» «Біліктілікті Арттыру
Ұлттық Орталығы» АҚ Филиалы
«Алматы облысы бойынша
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты»
білім беру процесін
психологиялық-педагогикалық**

**қолдау кафедрасының
аға оқытушысы, PhD**



А.Т.Туралбаева